

БЕКІТЕМІН
«Әлия» бөбекжай – балабақшасының
менгерушісі: *М.А.* К.А. Досмуратов



ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №4

Кентау қаласы

16.03.2023 жыл

№	Педагогикалық кеңестер тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	<ol style="list-style-type: none">1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы2. Туган жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру3. Педагогикалық қобдиша -«Музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту». -«Баланың эстетикалық талғамын қоршаған ортаның әсемдігін бейнелеу арқылы қалыптастыру»4. «Жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтар»5. Әртүрлі мәселелер Мектепке дейінгі топтың / ұйымның заттық-кеңістік даму ортасының сапасын бағалау нәтижелерін талдау және түсіндіру6. Педагогикалық кеңес шешімі.	НАУРЫЗ айы	Менгеруші К.А. Досмуратов, Әдіскер С.Н. Байболова, Барлық педагог мамандар, Саз жетекшілері С.В. Чигорина, В.Е. Антониади Барлық топ тәрбиешілері, Медбике Г. Туребаева

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бөбекжай – балабақшасы МКҚК

**Тақырыбы: «МЕКТЕП ЖАСЫНА
ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ,
ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ»**



Кентау 2023 жылы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ҰЛТТЫҚ, ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында туған жердің, өскен ортаның құндылықтарын ерекше атап өтті. «Патриотизм кіндік қанын тамған жеріңе, өскен ауылыңа, қалаң мен өңіріңе, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншіліктен басталады», - дей келе Нұрсұлтан Назарбаев әрбір қазақстандықты туған жерге ыстық ықылас танытуға шақырды. Ұлттық сананы қалыптастырудың және бір тетігі – «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы екенін айтты. Елбасы мақаласындағы бұл басым бағыттар мәдени кемелдікке жетелері сөзсіз. Бұл ретте балаларға Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу – ұстаздың аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» — деп көрсеткен. «Қазақстандық патриотизм» ұғымы біздің тәуелсіздігімізбен қоса туған жаңа сөз болып, еліміздегі саяси — әлеуметтік ахуалдың ерекшелігін айқындайды. Бұл ұғымның педагогикалық жүгіне келер болсақ, ол болашақ Қазақстан азаматтарын тәрбиелеумен тығыз байланысты.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру ұйымы. Сондықтан, мен бұл тақырыпты алуымның себебі қоғамның әлеуметтік даму жағдайында балаларға патриоттық тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ұлтаралық қатынас мәдениетін, еліміздің бейбітшілігі мен егемендігін сақтауға, экономикасын дамытуға ықпал ететін тұлғаны қалыптастыруға бағыттау болды.

Балаларды патриоттыққа тәрбиелеудің кезеңдері, түрлері және әдістері

Баланың өз елінің мәдениетіне қатынасы арқылы өзі тұратын елді мақтан тұтып, отанын қадірлей білуге үйретеміз. Сондықтан балалар ата-бабалардың мәдениетімен танысып, білуі керек. Мектепке дейінгі мекемедегі басты міндеттердің бірі балаларды адамшылдық-патриоттыққа тәрбиелеу болып табылады.

Патриоттық тәрбиенің кезеңдері:

- **Негіздік** (тұлғаның адамшылдық қасиеттерін қалыптастыру, адамгершілік мінез-құлық пен басқа адамдармен өзара қарым-қатынас тәжірибесін жинақтау, адамгершілік қасиеттерін дамыту);
- **Көркемдік-таныстырмалы** (ұлттық дәстүрмен, ұлттық өнермен таныстыру);
- **Когнитивті-эмоциональды** (өз еліне деген қызығушылығын дамыту);
- **Эмоциональды-әрекетті** (қиялдау және тәжірибелік әрекетке білімдерін және де қатынастарын шыңдау және қалыптастыру).

Патриоттық тәрбиенің құралдары:

- Қоршаған орта;
- Көркем әдебиет және өнер,
- Фольклор;
- Тәжірибелік әрекет.

Құралдарды таңдағанда, ол отаншылдық тәрбиенің әр кезеңіне сәйкес болуы қажет.

Патриоттық тәрбиенің әдістері балалармен жұмыс кезеңдеріне және олардың жасына сәйкес болады:

- Танымдық белсенділікті жоғарылатушы

- Баланың эмоционалды қабылдауы.

Бұл әдістер балалардың Отан туралы қалыптасқан түсініктерін түзетуге көмектеседі және де патриоттық тәрбиеге байланысты әртүрлі әрекеттердің түрлерін бағыттады.

Патриоттық тәрбиенің түрлері:

- сабақ;
- ойын;
- әңгіме.

Патриоттық тәрбиенің міндеттері:

— баланы қалаға, көшесіне, балабақшасына, үйіне, отбасына деген бауырмалдыққа және сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

- табиғатқа қамқорлық қатынастарын тудыру.
- еңбекке сыйласымдылыққа тәрбиелеу.
- ұлттық салт-дәстүрге қызығушылығын тудыру.
- адам құқығы туралы қарапайым білімді қалыптастыру.
- Қазақстанның қалалары туралы түсініктерін кеңейту;
- ҚР рәміздерімен (елтаңба, ту, әнұран).

— басқа ұлттарға, олардың дәстүріне құрметпен қарау сезімдерін тәрбиелеу. Бұл міндеттер балалар әрекеттерінің барлық түрінде көрсетіледі: сабақ кезінде, ойында, тұрмыста – яғни, бұл арқылы біз балаға тек қана патриоттық тәрбие ғана беріп қоймай, сонымен қатар ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасын қалыптастырамыз. Баланы адамгершілік-патриоттық тәрбиеге тәрбиелеу – күрделі процесс. Оның негізінде адамгершілік қасиеттерді дамыту жатыр.

Отан – отбасынан басталды дейді, яғни баланың отбасына, жақын адамдарына – анасына, әкесіне, ата-әжесіне деген қатынасынан басталады. Бұлар баланы қоршаған ортасымен және туған үйімен байланыстырушы тамыр. Әр елдің өз ертегілері бар, және олар ұрпақтан ұрпаққа негізгі адамгершілік құндылықтарды жеткізіп отырады, олар: жақсылық, достық, көмек, еңбексүйгіштік. У каждого народа свои сказки, и все они передают от поколения к поколению основные нравственные ценности: добро, дружбу, взаимопомощь, трудолюбие. Халық ауыз әдебиетіндегі шығармалар өз елінің дәстүріне сүйіспеншілікті тудырып ғана қоймай, сонымен қатар, жеке тұлғаның патриоттық сезімінің дамуына әсер етеді.

Патриоттық тәрбиемен жұмыс кезіндегі тәрбиешінің міндеті-берілген тақырыптардың ішінен балаға түсініктісін таңдау керек: туған жердің табиғаты мен жануарлар әлемі; ересектердің еңбегі; салт-дәстүр, қоғамдық мерекелер, т. б. Балаларға көрсетілетін көрнекіліктер, эпизодтар ашық түсті, балалардың қызығушылығын тудыратындай болуы керек. Сондықтан да, балалармен патриоттық тәрбие бойынша жұмысты бастамас бұрын тәрбиеші оны өзі жақсы білуі керек. Ол балаға өздеріңе таныс жерлерге сай жұмыстарды көрсетіп, дұрыстап ретке келтіріп, дұрыс мақсатын құрып айтуы керек.

Туған жері жайлы айтқанда, балаға туған жерінің тарихын, ескеркіштерін, салт-дәстүрін, құрметті адамдарын айта отырып таныстыру қажет.

Туған ауылы жайлы балада қандай ақпараттар және түсініктер қалыптасуы қажет?

Төрт жастағы бала өзінің тұратын көшесінің және балабақшасы орналасқан көшенің атауын білуі керек.

Ересек балалардың назарын жақын маңдағы көшелерде орналасқан объектілерге аудару қажет: мектеп, кинотеатр, пошта, дәріхана және т.б.

Мектепалды даярлық топтың балаларын ауқымдырақ объектілермен таныстырады, олар аудан, қала және олардың тарихи жерлері мен ескерткіштері. Бұл жастағы бала өзінің тұратын ауылының, көшесінің атауын және көшенің кімнің құрметіне берлігенін білуі қажет.

Патриоттық тәрбие беруде ересектердің үлгі көрсетуі аса маңызды. Мысалы, арғы ата-бабаларының соғыстағы ерліктері туралы айту. Сонымен қатар, «Отан алдында

борышын өтеу», «Отанға деген сүйіспеншілік», «ерлік жасау» және т.б. ұғымдарды баланың санасына сіңіру қажет.

Сондай – ақ, балаларды Қазақстанның басқа қалаларымен таныстырып, Отанымыздың астанасымен, әнұранымен, туымен және елтаңбасымен таныстырылуы қажет.

Баланы өзінің ауылына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу арқылы, өз ауылдарының Отанның бір бөлшегі екенін түсіндіреміз. Бір Отанда ортақ заттың көп екендігі айқындалады, мысалы:

- Барлық жерде адамдар бәрі үшін еңбек етеді (мұғалімдер балаларды оқытады, дәрігерлер науқастарды емдейді, т.б.);
- Барлық жерде салт – дәстүр сақталады: Отан өзін жаудан қорғаған батырларды ұмытпайды;
- Барлық жерде әр түрлі ұлт өкілдері өмір сүреді, бірігіп еңбек етеді және бір-біріне көмектеседі.
- Адамдар табиғатты қорғайды және сақтайды;
- Ортақ кәсіби және қоғамдық мерекелер бар, және т.б.

Жылдың соңында бала біздің елде өзге ұлттар да өмір сүретінін, әр ұлттың өз тілі, салт-дәстүрі, өнері мен құрылысы бар екенін білуі тиіс.

Патриоттық тәрбие беруде педагог келесі принциптерге сүйене отырып, баланың жас ерекшелігіне сай жоспар құрады:

- «Позитивті орталық» (баланың жасына сай білімдерді жинақтау);
- Педагогикалық үрдістің үзілмеуі;
- Әр баланың мүмкіншіліктерін, психологиялық ерекшеліктерін табу;

Туған өлкенің табиғатын, тарихын балаға түсіндіре отырып Отанға деген сүйіспеншілігін тудыру патриоттық тәрбиенің негізі болып табылады.

Еліміздің болашағы – жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы, ата – ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Балабақшада тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Заман талабына лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты қажет етеді. Жас ұрпаққа білім беруді жетілдіру мәселесі толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге жүрері анық. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан – жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор. Сондықтан да мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ең өзекті мәселесі – ұлттық – патриоттық тәрбие беру.

Патриоттық тәрбие, ұлттық намыс, ұлттық сана – сезім рухани байлықтан көрініс табады. Олай болса, рухани байлыққа, ең алдымен, тілімізді, дінімізді, салт – дәстүрімізді жатқызсақ, тіл – қазақ болуымыз үшін, дін – адам болуымыз үшін, салт – дәстүр – ұлт болуымыз үшін қажет. Патриотизм сезімінің оянуымен қалыптасу үрдісін белгілі бір асқақ сезімдерден, мақтаньш – сүйініштен бөле жаруға болмайды. Ол елінің өткен тарихын мақтаньш тұту, жерінің байлығына, әсем көркіне сүйсіну, атадан балаға жалғасып, жақсы үрдісін тапқан ұлттық тілді құрметтеу. Осы сезімдерден туатын, санада орнығып қалыптасатын асыл қасиеттер ұлттық патриотизм деңгейінде өркен жайып, азаматтық патриотизм биігіне ұласатын сыңайлы. Әрине, бұл өздігінен бола салатын нәрсе емес, ол да нақты тәрбиенің жемісі. Бұл тәрбиенің жемісін еккен әрине, мектеп

жасына дейінгі балалар үшін – тәрбиеші, ал орта біліммен жоғарғы білім алушылар үшін – ұстаздар қауымы деп айта алар едім.

Баланы патриоттық сезімге тәрбиелеуге халық ауыз әдебиетінің маңызы зор. Тілдер мерекесіне арналған «Менің Қазақстаным», Тәуелсіздік күніне арналған – «Астана – бас қала» атты ашық сабақтарда балалар Отан, Туған жер туралы тақпақ, ұлттық ойындар ойнап, ертегілерді сахналап патриоттық әндер мен өркем сөздер тәрбиеленушілерді патриоттық сезімге тәрбиелеудің көзі.

Патриоттық сана – сабақта және сабақтан тыс іс – шараларды Отан сүю, елін қорғауға байланысты басты ұғымдарды ашып көрсету арқылы қалыптасады.

Балаларды халықтың салт – дәстүрімен таныстырып, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеуге халық ауыз әдебиетін пайдалану – ұтымды да тиімді әдістің бірі. Тәрбиелік, өнегелі мәні аса ауқымды ойлар жинақтаған халық ертегілері. «Қожанасырдың тойға баруы», «Мақта қыз бен мысық», «Алтын сақа», «Түлкі мен ешкі», ертегілерді ойнағанда балалардың сөздік қоры молайып, тілдері дамиды, ой – өрістері кеңейеді. «Наурыз – жыл басы» тақырыбын өткенде балалардың қызықтап ойнайтын ертегілерінің бірі – «Жыл басына таласқан хайуанаттар». Рөлдерді ойнаған кезде балалар ұйымшылдыққа, жауапкершілікке тәрбиеленеді, ой – өрістері кеңейеді. Ойындарды өткізу арқылы балаларды қазақ халқының дәстүрін, әдет – ғұрпын жоғалтпай, әрі дамытуға өз ұлтына деген сүйіспеншілігін жастайынан сіңіріп, оны құрметтеуге тәрбиелейді. Халықтың әдет – ғұрпын, дәстүрін жас ұрпақтың бойына сіңіру, ойын арқылы дарытып, көңіліне қондыра білу, өмір қажеттілігінен туып отыр. Өйткені баланы нәресте шағынан бастап адалдыққа, батылдыққа, мейірімділікке, еңбек етуге тәрбиелеудің құралы – ойын. Ойын – тәрбиенің бастауы. Патриоттық тәрбие – Отан, туған жер, Атамекен, туған ел деген адам санасына мәңгі өшпейтін ұғым. Өскелең ұрпақты, жастарды, болашақ мамандарды кез – келген жағдайда ерлік, отаншылдық істерге бару үшін оған алдымен рухани жағынан дайын болу керек.

Біздің пікірімізше, өсіп келе жатқан жас буындардың бойында Қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру үшін әр ұлттар мен ұлықтар тек өз мәдениетін ғана танып білуі жеткіліксіз, сонымен қатар олар бір – бірін танып біліп, құрметтеуі тиіс. Мектеп оқушылары қазақ халқының тарихымен мәдениетін өз болмысында еш бұрмалаусыз танып, білуі шарт. Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыруда тіл дамыту сабақтарының алатын орны ерекше. Патриоттық сезім тұлғада тәрбие арқылы өсіп жетіліп патриоттық сана түрінде қалыптасады. Сондай – ақ, жеке адам өз ұлтының қасиеттерін бойына сіңіру керек.

Қорытындылай келе баланы тәрбиелеу балабақшадан басталғаны жөн. Себебі баланың жасы ұлғайған сайын оның ой – өрісінде, білімінде көбеюі керек. Қазіргі Заманға сай жаңа стандарттың білім беру саласының әдіс – тәсілдерін қолдану арқылы патриоттық сезімдерді қалыптастыру, келешекте болашағы зор бүлдіршіндерді тәрбиесп шығару.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Тақырыбы : Музыкалық тәрбие арқылы
эстетикалық талғамын мәдениетті және
шығармашылық талғаммен дамыту



Саз жетекшілері: С.В.Чигорина
В.Е.Антониади

Музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту

Бала болашағы- бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның, халықтың, тұтас бір ұлттың бүгінін ертеңімен жалғайтын алтын көпір-асыл мұрат.

Музыкалық тәрбие — мектепке дейінгі жастағы балаларға эстетикалық, талғамдық тәрбие беру ісінің негізгі саласы болып саналады. Басты мақсат — біртіндеп түрлі музыкалық іс – шараларды (есту, қабылдау, орындау, шығармашылық, музыкалық біліктілік, сауаттылық) меңгерту арқылы баланың бойындағы өзіндік бағыттаушы, реттеуші болып табылатын эмоциялық сезімін ояту. Музыкалық эмоцияны дамыту барысында баланың музыка өнеріне деген қызығушылығы, ұнатушылығы, мәнері, музыкалық мәдениеті, эстетикалық сезім негізі қаланады. Баланың жан – жақты тұлға болып өсуінің басты мақсаты музыка тәрбиесіне байланысты. Оның бастапқы кірпіштері бала кезінен қаланады. Осыған орай балалар бақшасындағы музыка іс- әрекетіне көп көңіл бөлінеді. Ол таңертеңгілік жаттығудан бастап, музыка әрекетінде, жеке музыкалық жаттығуларда, мерекелер мен ойын – сауықтарда ойналады. Н.К.Крупская: «Балаға музыка арқылы өзінің ойлары мен сезімдерін тереңірек түсінуіне айқынырақ ойлап, тереңірек сезінуіне көмектесу қажет...» — деп өнердің жеке адамды тәрбиелеудегі маңызын айтқан екен. Мектепке дейінгі балалық шақ- бөбекті әсемдік әлеміне неғұрлым кеңінен араластыратын кезең. Эстетикалық тәрбиенің жарқын құралдарының бірі- музыка. Баланы жан – жақты, әрі үйлесімді дамыту музыканың атқаратын міндеті. Музыка осы маңызды міндетті орындау үшін балада жалпы музыкалық қабілетті дамыту керек.

Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Оның ықпалы үгіттеуден де, нұсқаулардан да анағұрлым күшті болады. Отан, Қазақстан, батырлық туралы айтқан балалардың әндерінен өз елдеріне деген сүйіспеншіліктерін көруге болады. Сондай-ақ Қазақстан азаматы болғандықтан, әрбір бүлдіршін еліміздің рәміздерін, әсіресе, мемлекетіміздің Әнұранын есіне сақтап, жаттап алуын қамтамасыз еткен дұрыс. Әнұранның мазмұнын балаларға егжей-тегжейлі түсіндіріп, мереке күндері топ болып айтқызу керек. Түрлі халықтардың жеке және хормен айтылатын әндері мен билері достыққа тәрбиелейді. Ән айту бәрінің бірдей күш салуын қажет етеді, әнді дәл айтпайтын бала жақсы айтатын балаға қарап үйренеді.

Музыкамен айналысу мектеп жасына дейінгі баланың жалпы мінез – құлқына, мәдениетіне септігін тигізеді. Түрлі тапсырмаларды, іс – қимыл түрлерін ән айту, музыка тыңдау, балалар аспаптарында ойнау, музыка ырғағына үйлесімді қимылдар жасау, алмастырып отыру балалардың ықылас қоюын, тапқырлық көрсетуін, тез қабылдап, тез қимыл жасауын, ұйымшыл болуын, жігерлі күш қимылды: әнді дер кезінде бастап аяқтауды; биде, ойындарда тезірек жүгіріп кеткісі, әлде кімдерден озып кеткісі келген ықтиярсыз тілекке берілмей, музыкаға бағынып, қимылдай білуді талап етеді, ерік-жігерді тәрбиелейді. Өнердің басқа түрлері сияқты музыканың танымалдықта маңызы бар. Музыка балалардың эстетикалық және ақыл – ой тұрғысынан жетілдіре отырып, оның қабылдау және көз алдына елестету қабілетін жандандырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік білім беру стандартының жобасында «мектепке дейінгі білім беру- Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің құрылымдық бөлімі ретінде маңызды роль атқарады, себебі оның шегінде баланың табиғилық сапалары мен ерекшеліктері анықталып, олардың даму жағдайлары қамтамасыз етіледі» деп айтылған. Бұл талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмысты үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы- мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудағы, ұлтымызға тән қасиеттер бойына сіңген бүлдіршінді тәрбиелеуден бастағанның маңызы өте зор дей келе мектепке дейінгі ұйымда, баланы музыкаға баули отырып, оның өнерге, жан- жағына, отанына,

туған жеріне, отбасына деген сүйіспеншілігін арттыруға болады. Музыкасыз, ойынсыз, ертегісіз баланың толық мәніндегі ақыл- ойы мен қиялын тәрбиелеуге болмайды. Баланың музыкалық мәдениетінің эстетикалық талғамының ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына сөздің шамасы келмеген жерде негүрлым ойынның алатын орны зор.

Музыкалық тәрбие беру дегеніміз – баланы әсемдік әлеміне дыбыс арқылы жетелей отырып, сұлулық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қоршаған әлемнің шындығын көркем дүниелер арқылы түсіндіру.

«Музыка тыңдатпайынша тәрбие беру, балалық шақтың өзінде адамның сүйіп тыңдайтын ән – күйлерінсіз тәрбие беру менің басыма қонбайтын нәрсе», - дейді В.А.Сухомлинский.

Музыкалық шығарманың сипатын бала сезінсе музыка бөбекті толғандырады, қабылдаушының қабілетін оятады.

Ең қарапайым музыкалық дыбысты тыңдап, есту мәдениетін, кейбір бейнелеу құралдарына ден қойып, еркін тыңдау қабілетін ояту. Мысалы: Балалар музыкалық дыбыстың ең қарапайым қасиеттерін домбыра мен баян дыбысын ажырата білу. Музыканың ең қарапайым құрылымын әннің бастамасын, қайырмасын, қарама-қарсы сипаттағы әннің бастамасын биязы, жұмсақ орындалатынын, қайырманың жігерлі тез орындалу айырмашылығын байқайды. Бала музыканы тыңдай отырып әнді, ойынды көркем кейіпкерлерді, биді көз алдына елестетеді. Оны өзінше қабылдайды.

Ұлттың бүгіні мен ертеңі тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Баланың тұлға болып қалыптасуына шыбықтың ағаш болып жапырақ жайғаны тәрізді зор еңбекті қажет ететін ауқымы кең жауапкершілікті талап ететін күрделі жұмыс.

Қазіргі қоғам жан – жақты, білімді, мәдени ой- өрісі жетілген, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген жаңа адам тәрбиелеу, бұл елу елдің қатарына кірудің алғы шарттарының бірі ретінде қарастырады. Бұл отбасы мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлеріне орасан зор жүктеме екендігі белгілі. Бала тәрбиелене отырып білім алады.

Бала сәл көмекпен демесең қабілеті дами кететін ұрпақ, көзін ашсаң сыңғырлай ағатын бұлақ секілді.

Музыка баланың жеке басының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар туғызады, болашақ адамның жалпы мәдениетінің түп негіздерін қалайды.

Өнер баланың әлемді тануына, саналыққа, халықтың мәдени мұрасы байлығынан рухани сусындауына, батылдық сезімдеріне, азаматтық адамгершілік қасиеттерге бір сөзбен айтқанда жан – жақты адам болып қалыптасуына тәрбиелейді.

Балабақша бүлдіршіндерінің өнерге деген құштарлығын арттырудың бірден – бір жолы, сазды әуен мен сиқырлы күй тыңдатып, әсіресе ұлттық аспаптардан домбыра мен қобыз үнін тыңдатып, олардың музыка сырын түсіне білуіне жол ашу. Музыкамен күнделікті айналысқан баланың қабілеті басқа сала бойыншада арта түседі екен. Бұған таң қалатын ештеңе жоқ. Өйткені музыкамен күнделікті айналысқан кезде ойлау қабілеті құштарланып, бала басқа нәрселерді тез меңгереді.

Музыкалық шығармашылық іс- әрекеттің әр-түрлі түрінен байқалады. Бұл ән салу шығармашылығы, баланың өзіндік әуен шығаруы. Бұл — музыкалық ойын шығармашылығы, баланың музыкалық – ойын образдарын өз ойынан шығару және би билеу шығармашылығы.

Алғашқы шығармашылық сабақтар әрқашан қиындық туғызады. Бұған негізгі себеп — балалардың музыкалық тәрбиесінің деңгейінің әртүрлігінде. Мысалы: балалардың музыкалық есту қабілетінің төмендегі ән салу шығармашылығын тежеп отырады. Балалар тональностан ауытқып импровизация жасауға қиналады. Бұл бағытта музыкалық есту аппараттарын дамыту барысында әртүрлі жаттығулар пайдалануға болады: «До-ре-ми», «Құс және оның балапандары», «Сылдырмақтар», «Үш аю», «Баспалдақ», Бір, екі, үш дыбыстан құралған әндерді айтып, олардың ырғағын шапалақ арқылы айырып үйретуге болады. Тапсырманы орындайтын балалардың деңгейі бірдей емес, ал қойылатын талап бәріне ортақ. Сондықтан әр баламен жек жұмыс жасау керек болады. Бір бала табиғатынан жәй болса, енді біреуі ұялшақ болады. Қарапайым музыкалық ырғақтан

бастап балалармен жұмыс жасаған кезде, біртіндеп олардың музыкалық қабілеттері ашыла бастайды. Музыка жас азаматтардың ішкі дүниесін байытып, әр дәуірдегі қоғамдық өмірдің түрлі құрлыстарын дұрыс түсінуге көмектеседі.


Мен өз іс – тәжірибиемде композитордың өмірін насихаттауға көп көңіл бөлемін. Ол үшін музыка тыңдаудың алдында шығарма туралы қысқаша мәлімет беріп, көрнекті құралдар арқылы балалардың санасын оята отырып, музыкалық немесе дискі табақтан күйді тыңдауға үйретемін. Егер әр адамның жүрегінде ізгілік сәулесі болса ұстаздың еңбегі. Сол нұрды жеткіншектің жүрегіне сіңіруге ұстаз қаншама тер төгеді. Әрдайым балалардың сапалы білім алуына бар күш жігерімді мақсат тұттым. Оқытудың жаңа технологияларын меңгеріп, жаңа әдістерімен, сабаққа қосымша материалдарды пайдалана отырып, балаларды балалар әнімен және халық әндерімен терең таныстыру үшін бар күшімді жұмсадым.

Баланы қай нәрсеге қызықтыра білсең, сәби қабілетінің ұшақ- теңіз екендігіне көзіңіз жетеді. Музыка дегеніміз — бұл керемет, ештеңемен де ауыстырылмайтын білім беру құралы.

Айтылған ойымды қорыта келгенде, балабақшадағы тағылымды тәрбиенің негізі: тәуелсіз Қазақстан Республикасын өркениетке жеткізу жолында жоғары мәдениеттілікпен өнерді сүйе білуге және білікті, дарынды да дара азамат етіп тәрбиелеу. Бала бойына рухани, адамгершілік қасиеттерді ерте жастан сіңіру деп білемін.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
Кентау қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Әлия» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

**Тақырыбы: Баланың эстетикалық
талғамын қоршаған ортаның әсемдігін
бейнелеу арқылы қалыптастыру**



Тәрбиеші: А.Ыдырысова

Баланың эстетикалық талғамын қоршаған ортаның әсемдігін бейнелеу арқылы қалыптастыру

Эстетикалық тәрбиені бала кезеңнен бастау жан — жақты жарасымды ламыған ұрпақ тәрбиелеудің алғы шарты. Әсемдікті бағалай білу қабілетін жетілдіруге бағытталған мақсатты жүйе. Эстетикалық тәрбие — дұрыс дамытуға, білімге құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Байқағыштығы мен әсерленгіштігін тереңдетеді. Әсемдікті сезіну балалардың өмірін жақсылық істеуге талпынысын, белсенділігін тудырады. Эстетикалық тәрбие дегеніміз — еңбектегі, тұрмыстағы, өнердегі әсемдікті дұрыс қабылдауын, түсінуінге тәрбиелеу. Эстетикалық тәрбие — сұлулықты тану, сүйе білу, оны шығармашылықпен өмірге ендіре білу қабілетін, дамытады. Эстетикалық тәрбие — кең ұғым.

Эстетикалық	тәрбие	міндеттері:
• бейнелеу өнері (кескіндеме, графика, мүсін) көркемөнер шығармашылығы (көркем әдебиет, музыка, театр, кино) арқылы баланың сезімдері мен талғамдарын дамытып, сұлулық туралы ұғымдарын қалыптастыру		
• эстетикалық құралдарды пайдалануға дағдыландыру.		
• әсемдікке үлесін қосуға тәрбиелеу.		

Эстетикалық тәрбие — сұлулық пен дүниенің әсемдігін сезіну — әдемілікті, бойына өнерге және шындыққа деген әсемдік көзқарас тұрғысында мектеп жасына дейінгі балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы, бала әлем сұлулығын көре және сезіне алады, сонымен қатар баланың көркем-шығармашылық қабілеттері мектеп жасына дейінгі балалаға эстетикалық тәрбие берудің маңызын анықтау.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қабілетін дамыту — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі, оқу қызыметіне енгізудің маңызы зор. Балалардың бойына өнерге және шындыққа деген әсемдік көзқарас тұрғысында қарауды қалыптастыру болып табылады. Мұндағы мақсат — баланы дамыту. Шығармашылық іс — әрекеттерге қатыстыру, сол арқылы әсемдік руханиятқа, өркениеттің өріне шығып, одан нәр алу, сенсорлық әрекетін дұрыс дамытуға, білімге құштарлығын арттыруға ықпал етеді. Байқағыштығы мен әсерленгіштігін тереңдетеді. Әсемдікті сезіну балалардың өмірін байытып, бір — біріне жақсылық істеуге талпынысын, белсенділігін тудырады. Эстетикалық тәрбие — дегеніміз баланың ақыл-ойы мен сезімін, ұшқыр қиялы мен тәрбиені жүзеге асыру үшін балалардың әсемдік сезімі мен ұғымын, көркемдік, шығармашылық қабілетін үздіксіз дамытып, ес біле бастағаннан өзі жете түсінбесе де жарқын, тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды, мәселен, жылтыраған ойыншықтар қызығушылық сезімін туғызады. Эстетикалық тәрбие алған балалар жарқын, әсем атаулының бәріне жәйғана

ұмтылып қана қоймай, сұлулықты жан бірлігі ретінде қабылдайды. Эстетикалық қабылдау сезім мен тебіренумен тығыз байланысты.

Тәрбиеші баланың сұлулықты қабылдауынан бастап, оған эмоциялық жауап қату, оған баға беру өмірге қалыптастыруға дейін жетелеп отыруы тиіс.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тән ерекшелік- бұл шындықты соншалықты пәк, тікелей бейнелейтіндігінде, ғаламат шынайылығында, бейнелейтін заттың ойын кезінде әсерін бейнелі түрде жеткізе білуіне тәрбиеші үнемі көмектесіп отыруы керек.

Мазмұнды- рөлді ойындарға тақырыпты, мазмұнды таңдап қана қоймай ізденіс қажет.

Мектепке дейінгі балаларда шығармашылық нышандары байқала бастайды, ол өз білімін, ұғымын құрастыра білуінен өзінің ойын, сезімін, шығармашылық қабілетін дамыту үшін оларға үнемі ақыл- кеңес беріп, дұрыс тәрбие үлгісін көрсеткен жөн. олар өздігінен сөз, ән, би қимылдарын жеткізу тәсілдерін меңгереді. Тәрбие баланы әсемдікке баулиды, жағымды қабілетін дамытуда, педагогтың жеке басы, мәдениеті, білімі, өз ісін жете меңгеруі үлкен рөл атқарады.

Эстетикалық талғам балалардың өнерде, өмірде, тұрмыста азық болатын кең ұғым: ол өнердің терең мағынасын ұғынып, тамаша шығармаларды түсінуді қамтиды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда үйрету үлкен рөл атқарады. Олар оқу үстінде балалар әдебиеті, музыкалық , шығармаларымен толық игеруді үйренеді.

Балалардың бойында эстетикалық талғамның негіздерін қалай отырып, біз оларды қоршаған ортаның әсемдігін көруге және оның жұртқа қуаныш сыйлауы үшін оны мәпелеп күту керек. Балалардың да көркемдік қабілеттерін, эстетикалық сезімдерін ескере отырып, педагог рухани байлығы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеудің негіздерін қалай береді.

Сәндік-қолданбалы өнер саласындағы болмысты көре отырып, адамның танымдық сезіміне әсер етеді, жамандықтан жиреніп, әсемдікке өмір болмысын, қайырымды да парасатты адам бейнесін өнер өзіне тән құралдар мен тәсілдер арқылы айшықты бейнелеп береді. Мұның бәрі сұлулыққа, мәдениеттілікке, имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейді. Қазіргі кезде киноның, теледидар мен радионың, өнер саласындағы әдебиеттер мен өнер ықпалына қарамастан, жаңа бағыттар мен ағымдар туралы мағлұматтар халық бұқарасының арасына тез таралуына, , әрбір халықтың ұлттық ерекшелігімен біте қайнасқан танымы әрқашан сақталып отырады.

Балалардың әсерлі эстетикалық ой-өрісін, көркемдік талғамын дамытуға зор шығармашылық іс-әрекеттердің дағдылар мен қабілеттіліктер мүмкіндіктерін ашып көрсеткен педагогикалық тәжірибелерге сүйене отырып, республика ғалымдары да эстетикалық әдістемелік негіздегі жүйесін жасауда елеулі жұмыстар атқарды (М. Балтабаев, С. Ұзақбаева, С. Қалиев, Н. Хмель) бұл әлі де шешімін күтіп тұрған педагогикалық, психологиялық өзекті мәселелер мен міндеттері жеткілікті. Сондықтан балалардың әр жас шағында игеруге тиіс көркемдік білім негіздерінің мазмұнын және оның мәселелерінің бірі. Атап айтқанда, қазіргі кезде жас жеткіншектерге эстетикалық тәрбие беру жүйесінің мақсат-міндеттері не?

Бұл міндеттерді шешу басты құралы көркемдік білім беру жүйесінің өзіне тән мазмұнын, мақсаттары мен нақтылы міндеттерін игеруге тиісті білім мен дағдылар көлемін белгілеуде.

Көркемдік іс-әрекеттер арқылы балалардың шығармашылық ой-өрісін дамытудың педагогикалық қалыптастырудың өзекті құралы ретінде баланы өз халық өнерінің айшықты туындыларынан ләззат алуға, рухани дамуына және халық талантын қастерлеуге, сүйе білуге баулиды. Көркемдік тәрбиенің басты құралдары — балалардың айналадағы табиғаттан, адамдар тірлігінің қызықты оқиғаларынан, ойын-сауық мерекелерінен, т. б. алған эстетикалық әсерлерінің шығармашылық іс-әрекеттері талпынысы нәтижесінде сапалы талғамның қалыптасуына мүмкіндік жасалады. Туған ел табиғатының сұлулығы және табиғат құбылыстарының ерекше әсері де су, жер, жазық дала, тау-тас, бау-бақша, жыл мезгілдернің ауысу құбылысы, құстардың үні, бала сезімінде, түйсігінде әсерлі айшықталып, оны бұл құбылыстардың сиқырлы сырын білуге ынтықтырады. Балаларды көркемдікті игеруі мен оны өз аясында бейнелеу және сәндік қолданбалы өнердің мәнерлілігі, көрнекілігі әрі танымдық әсерінің күштілігі балаларға зор ықпал жасайды.

Балалар өмір құбылыстарын сурет салу, сазбалшықтан немесе қиып ... материалдарын көркем өңдеу т. б. жұмыстар кезінде тереңірек танып, білуге мүмкіндік. Тобындағы балалары қоршаған ортадағы түрлі заттар мен құбылыстарды көркем бейнелеу тәсілін меңгеруге, заттың көлемі мен пішінін бояуларын, түстерінежаттыға отырып, ол дағдыларды өз қиялымен сюжетті сурет композициясын құруда, көркем образ жасауда пайдаланады. Түрлі материалдардан (қағаз, картон, мата, т. б.) ... үлгісін жасаудың жолдары мен оларды сәндеп әшекейлеудің амалын үйренеді. Ал, мүсіндеу арқылы заттардың, адамдардың, құстардың, хайуанаттардың пішінін бейнелеу тәсіліне машықтанады. Сондай ақ сомдайтын бейненің сыртқы кескінін, олардың қимыл-қозғалыс пластикасының ерекшеліктерін, күнделікті көргендерін еске түсіре отырып мүсіндей

білуге, мүсіндеу барысында тұлғалардың дене құрылысы, түсініктерді игеруге мүмкіндік алады.

Сәндік-қолданбалы өнер саласындағы көркемдік жұмыстар, балалардың түрлі-түсті қағаздардан арнайы мазмұнды құрастыруға қажетті элементтерін, ұлттық кию сұлулығы, ал оюлардың жазықтық бетінде желімдеп жапсыру кезінде жеке элементтердің өзара жарасымдылығын, оюлардың өрнек композициясындағы ырғақтылығын фонмен көмегін тигізеді. Қатты қағаз, мата қиындылары, фольга, т. б. табиғи заттардан көркем құрастыру жұмыстары балалардың кеңістік ойлау қабілетінің және сезіну, түйсіну дағдыларының дамуына мүмкіндік туғызумен бірге, олардың еңбек ету іскерліктерінің қалыптасуына жол ашады.

Балабақша балаларын ұлттық қуыршақ киімін дайындау, түрлі-түсті жүндерді пайдаланып ши орату, ши тоқу, т. б. сияқты іс-әрекеттерге араластыру, қазақта кеңінен келе жатқан дәстүрлі сәндік бұйым үлгілерімен мақсатты түрде таныстыру, бұйымдардың әсемдік нақышы туралы балалардың өз ойын пайымдай білуге баулу.

Халқымыздың жалпы мәдениет деңгейін жоғары сатыға көтерудің және балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамын дамытудың жолы- өнер болып табылады.

**«Әлия» бобекжай – балабақшасы МКҚК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС №4**

16.03.2023 ж

Тақырыбы: «Бала тұлғасының ұлттық мәдениет жағынан дамуын қалыптастырудағы рухани-адамгершілік және эстетикалық үйлесімділік»

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. №3 педкеңес шешімінің орындалуы
2. Туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру
3. **Педагогикалық қобдиша**
-«Музыкалық тәрбие арқылы эстетикалық талғамын мәдениетті және шығармашылық талғаммен дамыту».
-«Баланың эстетикалық талғамын қоршаған ортаның әсемдігін бейнелеу арқылы қалыптастыру»
4. «Жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтар»
5. **Әртүрлі мәселелер**
Мектепке дейінгі топтың / ұйымның заттық-кеңістік даму ортасының сапасын бағалау нәтижелерін талдау және түсіндіру
6. Педагогикалық кеңес шешімі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие — адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы болса, бүлдіршіндеріміздің бойында рухани — патриоттық сана — сезімді қалыптастыру бағыты бойынша тәрбие беріп, ел болашағына өз үлесін қосуда. Мектепке дейінгі мекемеде балалардың ойын еркін жеткізуде, рухани патриоттық тұрғыдан білім алуына тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған.

Халқымызда «баланы жастан» деген дана сөз бар. Тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата – бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ ұлтжанды ұрпақ тәрбиелесек — бұл еңбегіміздің жанғаны, тәуелсіз ел болашағына қосқан үлкен үлесіміз деп білеміз. Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы артып келеді. Сондықтан мен баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуді зерттеп, өзіме, балаларға патриоттық тәрбие беруде жаңа технологияларды пайдалану арқылы жобаны алуды жөн көрдім. Патриоттық тәрбие беру арқылы баланың патриоттық сезімдерін ояту, баланың ой-өрісін, көркем ойлау қабілетін, талғампаздығын арттыруға болады. Сол себепті өз жұмысымда патриоттық тәрбиені беру үшін алдымен оның мақсаты мен мүмкіндіктерін бөліп шығару қажет екенін байқадым,- деді балабақша меңгерушісі К.А.Досмуратова.

Бала болашағы- бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның, халықтың, тұтас бір ұлттың бүгінін ертеңімен жалғайтын алтын көпір-асыл мұрат.

Музыкалық тәрбие — мектепке дейінгі жастағы балаларға эстетикалық, талғамдық тәрбие беру ісінің негізгі саласы болып саналады. Басты мақсат — біртіндеп түрлі музыкалық іс – шараларды (есту, қабылдау, орындау, шығармашылық, музыкалық біліктілік, сауаттылық) меңгерту арқылы баланың бойындағы өзіндік бағыттаушы, реттеуші болып табылатын эмоциялық сезімін ояту. Музыкалық эмоцияны дамыту барысында баланың музыка өнеріне деген қызығушылығы, ұнатушылығы, мәнері, музыкалық мәдениеті, эстетикалық сезім негізі қаланады. Баланың жан – жақты тұлға болып өсуінің басты мақсаты музыка тәрбиесіне байланысты. Оның бастапқы кірпіштері бала кезінен қаланады. Осыған орай балалар бақшасындағы музыка іс- әрекетіне көп көңіл бөлінеді. Ол таңертеңгілік жаттығудан бастап, музыка әрекетінде, жеке музыкалық жаттығуларда, мерекелер мен ойын – сауықтарда ойналады. Н.К.Крупская: «Балаға музыка арқылы өзінің ойлары мен сезімдерін тереңірек түсінуіне айқынырақ ойлап, тереңірек сезінуіне көмектесу қажет...» — деп өнердің жеке адамды тәрбиелеудегі маңызын айтқан екен. Мектепке дейінгі балалық шақ- бөбекті әсемдік әлеміне неғұрлым кеңінен араластыратын кезең. Эстетикалық тәрбиенің жарқын құралдарының бірі- музыка. Баланы жан – жақты, әрі үйлесімді дамыту музыканың атқаратын міндеті. Музыка осы маңызды міндетті орындау үшін балада жалпы музыкалық қабілетті дамыту керек, - деді.

Балабақша әдіскері С.Н.Байболова музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Оның ықпалы үгіттеуден де, нұсқаулардан да анағұрлым күшті болады. Отан, Қазақстан, батырлық туралы айтқан балалардың әндерінен өз елдеріне деген сүйіспеншіліктерін көруге болады. Сондай-ақ Қазақстан азаматы болғандықтан, әрбір бүлдіршін еліміздің рәміздерін, әсіресе, мемлекетіміздің Әнұранын есіне сақтап, жаттап алуын қамтамасыз еткен дұрыс. Әнұранның мазмұнын балаларға егжей- тегжейлі түсіндіріп, мереке күндері топ болып айтқызу керек. Түрлі халықтардың жеке және хормен айтылатын әндері мен билері достыққа тәрбиелейді. Ән айту бәрінің бірдей күш салуын қажет етеді, әнді дәл айтпайтын бала жақсы айтатын балаға қарап үйренеді, - деді.

Музыкамен айналысу мектеп жасына дейінгі баланың жалпы мінез – құлқына, мәдениетіне септігін тигізеді. Түрлі тапсырмаларды, іс – қимыл түрлерін ән айту, музыка тыңдау, балалар аспаптарында ойнау, музыка ырғағына үйлесімді қимылдар жасау, алмастырып отыру балалардың ықылас қоюын, тапқырлық көрсетуін, тез қабылдап, тез қимыл жасауын, ұйымшыл болуын, жігерлі күш қимылды: әнді дер кезінде бастап аяқтауды; биде, ойындарда тезірек жүгіріп кеткісі, әлде кімдерден озып кеткісі келген ықтиярсыз тілекке берілмей, музыкаға бағынып, қимылдай білуді талап етеді, ерік- жігерді тәрбиелейді. Өнердің басқа түрлері сияқты музыканың танымалдықта маңызы бар. Музыка балалардың эстетикалық және ақыл – ой тұрғысынан жетілдіре отырып, оның қабылдау және көз алдына елестету қабілетін жандандырады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік білім беру стандартының жобасында «мектепке дейінгі білім беру- Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің құрылымдық бөлімі ретінде маңызды роль атқарады, себебі оның шегінде баланың табиғилық сапалары мен ерекшеліктері анықталып, олардың даму жағдайлары қамтамасыз етіледі» деп айтылған. Бұл талаптардың жүзеге асырылуы бағытындағы жұмысты үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы- мектепке дейінгі ұйымдарда баланың білімге деген құштарлығын арттырудағы, ұлтымызға тән қасиеттер бойына сіңген бүлдіршінді тәрбиелеуден бастағанның маңызы өте зор дей келе мектепке дейінгі ұйымда, баланы музыкаға баули отырып, оның өнерге, жан- жағына, отанына, туған жеріне, отбасына деген сүйіспеншілігін арттыруға болады. Муzyкасыз, ойынсыз, ертегісіз баланың толық мәніндегі ақыл- ойы мен қиялын тәрбиелеуге болмайды. Баланың

музыкалық мәдениетінің эстетикалық талғамының ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына сөздің шамасы келмеген жерде неғұрлым ойынның алатын орны зор.

Музыкалық тәрбие беру дегеніміз – баланы әсемдік әлеміне дыбыс арқылы жетелей отырып, сұлулық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қоршаған әлемнің шындығын көркем дүниелер арқылы түсіндіру,-деді саз жетекшісі С.В.Чигорина.

Бала сәл көмекпен демесең қабілеті дами кететін ұрпақ, көзін ашсаң сыңғырлай ағатын бұлақ секілді.

Музыка баланың жеке басының адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар туғызады, болашақ адамның жалпы мәдениетінің түп негіздерін қалайды.

Өнер баланың әлемді тануына, саналыққа, халықтың мәдени мұрасы байлығынан рухани сусындауына, батылдық сезімдеріне, азаматтық адамгершілік қасиеттерге бір сөзбен айтқанда жан – жақты адам болып қалыптасуына тәрбиелейді.

Балабақша бүлдіршіндерінің өнерге деген құштарлығын арттырудың бірден – бір жолы, сазды әуен мен сиқырлы күй тыңдатып, әсіресе ұлттық аспаптардан домбыра мен кобыз үнін тыңдатып, олардың музыка сырын түсіне білуіне жол ашу.Музыкамен күнделікті айналысқан баланың қабілеті басқа сала бойыншада арта түседі екен. Бұған таң қалатын ештеңе жоқ. Өйткені музыкамен күнделікті айналысқан кезде ойлау қабілеті құштарланып, бала басқа нәрселерді тез меңгереді.

Музыкалық шығармашылық іс- әрекеттің әр-түрлі түрінен байқалады. Бұл ән салу шығармашылығы, баланың өзіндік әуен шығаруы. Бұл — музыкалық ойын шығармашылығы, баланың музыкалық – ойын образдарын өз ойынан шығару және би билеу шығармашылығы,-деді меңгеруші К.А.Досмуратова.

Балабақша әдіскері С.Н.Байболова эстетикалық тәрбие дегеніміз – қоршаған дүниенің, өнердің сұлулығын баланың көру және сұлулыққа талпыну қабілетін дамыту мақсатымен оның жеке басына ықпал етуге бағытталған, жүйелі үрдіс. Балаларды өнер құралдарымен тәрбиелеу – көркемдік тәрбие пәнін құрайды. Тәрбиеші баланы сұлулықты қабылдауға, оған эмоциялық ықлас білдіруге, сондай-ақ, эстетикалық ұғым, эстетикалық пікір, эстетикалық баға беру қасиетін қалыптастыруға жасау керек. Эстетикалық сезім дегеніміз – өмірдегі, көркем өнердегі әсемдікті қабылдаудан туатын эстетикалық нәр алу, толқу, рахаттану. Ол адам табиғатына ғана тән жоғарғы сезім.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты – баланың бойына эстетикалық құндылықтарды сіңіруді қажетсіну, оған деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын дамыту, эстетикалық іскерлік пен дағдысын қалыптастыру. Баланың сезіміне әсер ету – шексіз жұмыс және тәрбие жұмысының күрделі саласы.

Эстетикалық сезім әлеміне қатысы бар құбылыстарды зерттейтін философияның бір саласы болса, эстетикалық тәрбие көбінесе адамның сезіміне тәрбиелеу арқылы санасына әсер етіп, іс-әрекетіне бағыт-бағдар беруді көздейді. Жүріс-тұрыс адамдар арасындағы қарым-қатынас талаптарын түсініп, сезіну оның эстетикалық жағын қамтиды. Этика мен эстетика іс-әрекет, жүріс-тұрыс, мінез-құлық көріністері арқылы бір-бірімен байланысып жатады. Әр нәрсенің мөлшері мен өлшемін білу эстетикалық жақтан сезіну арқылы келеді. Эстетикалық тәрбиенің басты мәселесі – сезім әлеміне әсер ету, оны дамыту, қалыптастыру. Сезім мен дағдылар арқылы сұлулықты түсіне-сезіне білуге тәрбиелеу баланың дара қасиеттерін, барлық мүмкіндіктерін қалыптастырады,-деді.

Баланың көркемдік-эстетикалық дамуы сәтті болу үшін тәрбиеші, педагог жас ерекшелігіне сай әртүрлі ойындар, сабақтардың түрлерін қызықты, әрі танымды өткізеді. Танымдық ықпалдар эстетикалық қобалжулармен неғұрлым байланыста болса, соғұрлым нәтижесі де, әсер етуі де жақсарады. Педагогтың балалар қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, әр біреуімен жұмыс жасауы, бала тұлғасының

дербестігін көркемдік шығармашылық арқылы айқындауы, баланың өзін-өзі көрсетуіне мүмкіндік береді.

Балаларға жағымды жағдай жасайтын болсақ, олар көркемдік-эстетикалық түсініктерді еркін меңгереді. Оқыту мен тәрбиелеу арқылы оларға білім беріп қана қоймай, тұлғалық дамуына жағдай жасай отырып, әрекеттілік қабілетін (интеллектуалды, эмоционалды, еңбектік, ерікті) дамыту керек. Бала адекватты, өнімді және нәтижелі дамиды. Осыған орай көркемдік-эстетикалық тәрбиенің мектеп алды мекемелерге қоятын міндеттері:

– Баланың қиялын, эстетикалық сезімін, қабылдауын жүйелі және биік мақсатқа бағытталған түрде дамыту; өнердің барлық түрі қажеттілік сияқты сезімдерді тудырады;

– Баланы өнер саласындағы әрекетке, алғашқы көркемдік білімді игеруге және көркемдік деңгейді бағалауға баулу.

– Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Бала бақшалардағы көркемдік-эстетикалық оқу-тәрбие үрдісінің барлық жақтарымен тығыз байланысты. Көркемдік-эстетикалық тәрбие жұмысын нақты, нәтижелі ұйымдастыру үшін, оның мазмұнын әрбір жас ерекшелік талаптарын анықтап алу қажет. -, деді балабақша меңгерушісі К.А.Досмуратова.

Балабақша тәрбиешісі А.Ыдырысова адамдардың эстетикалық сезімдері олардың күнделікті өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көріп, түсіне, бағалай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, одан ең жоғары рухани ләззат алуға мүмкіндік береді. Біз әр адамның адамгершілік, тұлғалық келбетін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр баланың сезім нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдік пен жексұрындықты, адамгершілік пен ұждансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез-құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады.

Қазіргі кезде эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу – тәрбие барысында тұрақты зейін салуды, күн сайын талапты күшейтетін мәселе. Біздің қоғам адамына тек қана өнердің ғана емес, сондай-ақ еңбек, қоғамдық қатынастар, қоршаған орта, тәртіп, тұрмыс, табиғаттың да әсемдік жақтары да ықпал етеді. Эстетикалық көзқарастар адамның шындыққа деген бағамын анықтайды.

Адам өмірінде эстетикалық көзқарас әрдайым қуатты рухани күш ретінде көрінеді. Балаға балғын бөбектік кезеңінен бастап, әсемділікке ұмтылу тән нәрсе. Ол әрдайым бойларында әсемдік құндылықтары бар қатар – құрбыларына, ересектерге еліктейді. Балалардың өз еңбек іс-әрекеті тиімді және сапалы болуы үшін оның ұйымдастырылуы толысып, тамаша нәрсені оң қабылдау деңгейіне жеткені жөн. Балаға сонымен қатар жасампаздықтың да әсемдігі ашылады. Еңбек әсемдігін қабылдауды үйретіп, қоғамдық іс-әрекет әсемділігіне сезімталдығын тәрбиелеп, мұғалім балалардың еңбек белсенділігін кеңейтуге дем береді. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің экономикалық мәселелерге әрі тікелей, әрі жанама қатынасы бар. Бұл біздің қоғамдағы қоғамдық өндіріс адамдардың өскелең рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығынан туындайды. Сонымен оқушылардың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу – дамыған әсемдік сана мен талғамды, оны қабылдау және бағалау қабілетін қалыптастырудың мақсатқа бағыттала ұйымдастырылған үрдісі. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу оқушыны жан-жақты үйлесімді дамытудың жалпы жүйесінде, ең алдымен өзіне тән қызмет атқарады. Ол іс-

әрекеттің барлық түрлеріндегі әсемдік нышанын анықтап, оны оқушының әсемдікке көзқарасының даму, білім алу, қалыптасуы құралына айналдырады.

Кең ой-өрістілік сөйлеу, іс-әрекетінің мазмұнынан сөз өнерін, ақыл-ой еңбегін, шындықтың объективтік жақтарын, көркем сөз сұлулығын, бөліп қарайды. Еңбек іс-әрекетінде еңбек мақсаттары және процесі, оның нәтижесі, сұлулығы ерекше көрсетіледі. Құқықтық іс-әрекетінде қоғамдық мұраттардағы, дамудағы оның, ынтасы мен тәртібіндегі сұлулыққа баса назар аударылады. Бейнелеу іс-әрекеті барысында балаларға көзге көрінетін әлем, музыкада адам жасаған дыбыс үйлесімділігінің сұлулықтары ашылады. Дене тәрбиесі мәдениеті және гигиена негіздері арқылы бала адам денесінің тән және жан сұлулығын таниды т.б.

Баланың эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу, әсемділік қасиеттері бар әртүрлі өмірдегі қатынастар мен әсерлер ықпалымен жүзеге асырылады. Кіші мектеп жасындағы балалардың эстетикалық көзқарасы үздіксіз дамиды. Оған себеп болатын нәрсе – оқу, қоғамдық және тұрмыстық еңбектің жаңа жүйе деңгейіне көтерілуі, деді.

Балабақша әдіскері С.Н.Байболова сәбидің дүниетанымының бай дамуына ойыншық әсер етеді. Ойыншықтар арқылы бала өз сезімін білдіріп, қоршаған ортаны зерттейді. Ойыншық таңдау баланың ең маңызды ісі болып есептеледі. Тек баланың өз еркіне, таңдауына байланысты. Көп ойыншықтардың арасынан өзіне тән ойыншық болып табылады. Әр баланың ойыншығы болуы тиіс. Бала ойыншығын ұрсып жұбатады. Ойыншық арқылы бала жалғыздықтан арылады. Ата-аналары бір жаққа кеткенде, жалғыз қалған бала қараңғыдан қорықпау үшін ойыншығын ұұшағына алып, қорқыныш сезімін сейілтеді. Жатарда жарық сөнгенде де, дос ойыншығы баланың құшағынан табылады. Кейде бала ашуын ойыншығынан алып, жұлып тастаған қалың мата орнына тігіп қояды. Баланың ойыншығына қарап, оның не ойлап, не сезініп жүргенін анықтауға болады.

Дидактикалық ойын сәбилер тобынан басталады. Мұнда жоғары топтарға қарағанда жеңіл түрлері беріледі, балалар аз ойналады. Мысалы, бала ойнап отырған машинаның дөңгелегі нешеу, түсі қандай, кубиктерді түсіне қарай топтастыр, қане, «сен көк кубиктерді әкелші», «үстелге апарып қойшы» т.б. Бұл жерде балалар кеңістікке бағдарлауды үйренеді.

Дидактикалық ойындарды тіл дамыту сабақтарында пайдаланудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақты бекіту, сабақта меңгерген материал туралы түсінігін кенейту, баланың шығармашылығын дамыту, тіл байлығын молайту үшін ол ойындар сабақтың тақырыбына, мақсатына сай таңдалып алынады. Ұсынылып отырған дидактикалық ойындардағы тапсырмалар: сөйлеудің екі түрі – монологтық және диалогтық сөйлеуге арналған. Мысалы: «Телефон» ойынында диалогтық сөйлеудегі әңгіменің мақсаты – бір нәрсе жайында сұралып, баланы оған жауап беруге, белгілі бір әрекетке түрткі болуға үйрету болып табылады.

ШЕШІМІ:

1. Патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру топ тәрбиешілеріне жүктелсін.
2. Жаңаша және тиімді дидактикалық ойыншықтарға тапсырыс беру менгерушінің шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Б.Т.Жақсыбаеваға жүктелсін.
3. Топтың заттық-кеңістік даму ортасын дамытушы ойыншықтармен, көрнекіліктермен толықтыру тәрбиешілерге жүктелсін.
4. Маусымдық мерекелер мен сауық-кештерді таза ауада және топтарда өткізуді қадағалау медбике Ш.Сүлейменге жүктелсін.
5. Келесі педагогикалық кеңестің тапсырмаларын орындау, ұйымдастырылған ашық оқу іс – қызметтерін хабарлау және орындалуын тәрбиешілер және әдіскерге міндеттелсін.

Педкеңестің төрайымы:



К.А.Досмуратова

Хатшы



С.Ш.Садыкова